

Д.С.Сабитова,^{1*} К.О.Оразбаева,¹ Б.Айдархан²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университет, Көкшетау қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

ІСТ МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада университет студенттерінің академиялық дайындық кезеңіндегі ғылыми-зерттеуге деген қызығушылықтарының деңгейін зерттеу ұсынылған. Осы тақырып бойынша отандық және шетелдік басылымдарға аналитикалық шолу жүргізілді. Әдістемелік негіз ретінде зерттеу мотивациясының құрылымдық тәсіліне негізделген ІСТ моделі пайдаланылды. Теориялық негізі ғылыми қызығушылық психологиялық құбылыс ретіндегі идеялардан, студенттердің ғылыми білімді меңгерудегі қажеттіліктерінен, сондай-ақ білім беру ортасындағы зерттеу мотивациясын жан-жақты талдау мүмкіндіктерінен тұрады. Қызығушылық деңгейі Г.Хекхаузеннің мотивация теориясы негізінде бағаланды, ол үш негізгі құрылымды анықтайды: мотивациялық, мазмұндық және технологиялық. Осылардың негізінде студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін саралауға мүмкіндік беретін бес деңгейлі зерттеушілік қызығушылық шкаласы әзірленді. Эмпирикалық зерттеу Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 379 бакалавриат студенттерінің іріктеуімен жүргізілді (студенттердің жалпы санынан 5%). Мәліметтерді жинау және өңдеу сипаттамалық және салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Визуализация және статистикалық өңдеу үшін MS Excel, Power BI, Statistica және R пайдаланылды.

Түйін сөздер: ғылыми-зерттеу, бағалау, қызығушылық, мотивациялық, мазмұндық, технологиялық, құрылымдық тәсіл.

Сабитова Д.С.,^{1*} Оразбаева К.О.,¹ Айдархан Б.²

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уайханова, г.Кокшетау, Казахстан

²Казахский Национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ ИНТЕРЕСОВ СТУДЕНТОВ ВУЗА НА ОСНОВЕ МОДЕЛИ ІСТ

Аннотация

В статье представлено исследование уровня исследовательского интереса студентов вуза на этапе их академической подготовки. Проведен аналитический обзор отечественных и зарубежных публикаций по данной теме. В качестве методологической основы использована модель ІСТ, основанная на структурном подходе к исследовательской мотивации. Теоретическую базу составляют представления о научном интересе как психологическом феномене, потребностях студентов в освоении научных знаний, а также возможностях комплексного анализа исследовательской мотивации в образовательной среде. Оценка уровня интереса осуществлялась с опорой на теорию мотивации Г.Хекхаузена, в рамках которой выделены три ключевых компонента – мотивационный, содержательный и технологический. На их основе разработана пятиуровневая шкала исследовательского интереса, позволяющая дифференцировать проявления исследовательской активности студентов. Эмпирическое исследование проведено на выборке из 379 студентов бакалавриата Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова (5 % от общей численности студентов). Сбор и обработка данных осуществлялись с использованием методов описательного и сравнительного анализа. Для визуализации и статистической обработки применялись MS Excel, Power BI, Statistica и R.

Ключевые слова: исследование, оценка, интерес, мотивационный, содержательный, технологический, структурный подход.

Sabitova D.,^{1*}  Orazbayeva K.,¹  Aidarkhan B.² 

¹ Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

² Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

ASSESSMENT OF RESEARCH INTERESTS OF UNIVERSITY STUDENTS BASED ON THE ICT MODEL

Abstract

The article presents a study of the level of university students' research interest during their academic training. An analytical review of national and international publications on this topic was conducted. The methodological framework is based on the ICT model, which applies a structural approach to research motivation. The theoretical foundation includes concepts of scientific interest as a psychological phenomenon, students' needs for acquiring scientific knowledge, and opportunities for comprehensive analysis of research motivation within the educational environment. The assessment of research interest was conducted using the motivation theory of H. Heckhausen, which highlights three key components: motivational, content-related, and technological. Based on these components, a five-level scale of research interest was developed, enabling differentiated evaluation of students' research activity. The empirical study was conducted on a sample of 379 undergraduate students from Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov (5% of the total student population). Data collection and processing were carried out using descriptive and comparative analysis methods. Visualization and statistical processing were performed using MS Excel, Power BI, Statistica, and R.

Keywords: research, evaluation, interest, motivational, content, technological, structural approach.

Кіріспе. Жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер студенттердің тек кәсіби білім алуымен ғана шектелмей, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу белсенділігін арттыруды да талап етеді. Қазіргі жағдайда еңбек нарығы мен ғылымның даму қарқыны болашақ мамандардан дербес ақпарат іздеу, ғылыми деректерді талдау, мәселелерді анықтау және оларды шешудің негізделген жолдарын ұсыну қабілеттерін қажет етеді. Осыған байланысты студенттердің ғылыми-зерттеуге деген қызығушылығын анықтау және бағалау жоғары оқу орындарының маңызды міндеттерінің біріне айналуда.

Студенттердің ғылыми қызығушылығы ғылыми іс-әрекетке қатысу жиілігімен ғана емес, сонымен қатар олардың зерттеудің мазмұнын түсінуімен, ғылыми ізденіске ішкі уәжінің қалыптасуымен және зерттеу технологияларын қолдану дайындығымен сипатталады. Сондықтан ғылыми қызығушылықты кешенді құрылым ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Мұндай көзқарас студенттердің зерттеу әлеуетін неғұрлым нақты бағалауға және олардың ғылыми белсенділігін дамытуға бағытталған шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Осы зерттеуде ғылыми-зерттеу қызығушылығын бағалау үшін Interest–Content–Technology (ICT) моделі пайдаланылды. Модель ғылыми қызығушылықты мотивациялық, мазмұндық және технологиялық компоненттердің өзара байланысы арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл компоненттерді талдау студенттердің ғылыми іс-әрекетке қатысу ерекшеліктерін анықтауға және олардың зерттеушілік даму деңгейін саралауға жағдай жасайды.

Зерттеу мақсаты – ICT моделі негізінде жоғары оқу орны студенттерінің ғылыми-зерттеу қызығушылықтарының құрылымын талдау және олардың зерттеушілік белсенділігінің деңгейлерін бағалау.

Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайтын болсақ, атап айтқанда, Н.А.Абрамова өз зерттеулерінде студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, зерттеу жұмысы білім алушылардың тек теориялық білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың болашақ кәсіби қызметіне қажетті құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар қазіргі тәжірибеде студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі көбінесе оқу үдерісінен және болашақ мамандықтың практикалық міндеттерінен бөлек қарастырылатыны атап көрсетіледі. Осыған байланысты ғылыми белсенділікті дамытуда мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік компоненттердің өзара байланысы ерекше мәнге ие. Автор ғылыми-зерттеу қызметіне тартудың бастапқы негізі ретінде студенттің ішкі уәждемесін қалыптастыру қажеттігін көрсетеді [1].

В.П.Сорихин педагогика мен психологияның дамуындағы бірқатар кезеңдердегі авторлардың пікірлеріне сүйене отырып, әртүрлі ғылымдарда мотивтерді түсінудің сараланғандығын атап көрсетеді. Мотив ұғымы ғылыми әдебиеттерде әртүрлі қырынан түсіндіріледі. Психологияда ол адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің бағыттылығын айқындайтын ішкі қозғаушы механизм ретінде қарастырылса, педагогикада тұлғаны белгілі бір әрекетке ынталандыратын және оның қажеттіліктерін іске асыруға ықпал ететін фактор ретінде сипатталады. Ал әлеуметтанулық көзқарас тұрғысынан мотив жеке тұлғаның саналы мақсаттары мен әлеуметтік маңызы бар қажеттіліктерін жүзеге асыруға бағытталған белсенділігінің негізі болып табылады. Осылайша, мотив адамның іс-әрекетін реттейтін және мақсатқа жетуге бағдарлайтын маңызды психологиялық-педагогикалық категория ретінде қарастырылады [2].

Бірқатар зерттеулерде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігінің жеткіліксіз деңгейі атап көрсетіледі. Ғалымдар мұны жастардың қысқа мерзімді нәтижелерге бағдарлануымен және ғылыми қызметтің практикалық немесе материалдық нәтижелерінің бірден байқалмауымен байланыстырады. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметінің құндылығы тек жедел пайдамен өлшенбейді. Керісінше, зерттеушілік тәжірибе студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, аналитикалық ойлауын жетілдіруге және адами капиталын нығайтуға ықпал ететін ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастырылуы мүмкін [3].

Бірқатар ғылыми еңбектер студенттердің ғылыми ізденіс мотивтерін зерттеуге арналған. Мәселен, жүргізілген зерттеу нәтижелері Д.М.Ефимова, Д.Халитова және Қ.Мұхаметшаева студенттердің емтихан тапсыру кезінде қосымша ұпай алу, шығармашылық рейтингін көтеру, диплом немесе ақшалай сыйақы алу болып табылатынын айтады. Оның үстіне, авторлар сауалнама жүргізген студенттердің барлығы ғылымды білім саласы ретінде қызықтырады деп жауап берді, бірақ сауалнамаға қатысқандардың жартысы ғана ғылыми іс-шараларға қатысқан [4].

Отандық зерттеулерде болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттерін дамыту мәселесіне ерекше назар аударылады. Ғалымдар зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастырудың тиімді тетіктерінің бірі ретінде жобалық оқыту технологияларын қарастырады. Мұндай тәсіл студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, дербес ізденіс жүргізу дағдыларын дамытуға және ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған тәжірибелік әрекеттерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді [5].

Сонымен қатар жобалық қызмет білім алушылардың зерттеу нәтижелерін жүйелеуіне, оларды көпшілік алдында таныстыруына және кәсіби коммуникация дағдыларын жетілдіруіне жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, жобалық оқыту технологиялары студенттердің ғылыми-зерттеу белсенділігін дамытуға және олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды педагогикалық құралдардың бірі болып табылады [6].

Қ.Б.Бектұрғанов пен А.Қ.Бектұрғанова студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі мақсаты оларды дербес ғылыми ізденіске даярлау, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және шығармашылық әлеуетін дамыту деп есептейді. Авторлардың пікірінше, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу білім алушылардың аналитикалық ойлауын жетілдіруге, ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу қабілетін дамытуға және болашақ кәсіби қызметте қажетті зерттеушілік құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік береді [7].

М.Б.Аманбаева зерттеушілік іс-әрекетті жаңа білім алуға, ғылыми фактілерді талдауға және құбылыстар арасындағы заңдылықтарды анықтауға бағытталған танымдық қызмет ретінде сипаттайды [8].

Жоғарыда айтылған ғалымдардың көзқарастары мен пікірлерін ескере отырып, студенттердің ғылыми-зерттеуге деген мотивтерін сезіну, белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыруға нақты қорытындыға негізделген ұмтылысы және ғылыми-зерттеу әрекетінің мотивациясын зерттеу іс-әрекетті шеңберінде өзін-өзі белгілі бір тәртіпте ұстауға және белгілі бір функцияларды орындауға ішкі талпыныс деп қарастыруға болады.

Негізгі ережелер. ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеу қызығушылықтарын бағалау – олардың ғылыми әлеуетін, зерттеу іс-әрекеттерін және кәсіби даму бағыттарын анықтау үшін маңызды үдеріс. Бағалау үдерісі жүйелі және кезең кезеңімен жүргізу. Студенттердің ғылыми

қызығушылықтарын тек оқу үлгерімімен емес, ғылыми үйірмелерге қатысуы, жобаларға араласу, конференцияларға қатысуы сияқты түрлі қырларынан бағалау. Әр студенттің қабілеті мен қызығушылық бағыты әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан бағалау барысында тұлғалық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі. Бағалау нақты көрсеткіштер мен құжаттар негізінде жүргізілуі қажет (ғылыми мақалалар, жоба жұмыстары, ғылыми жетекшінің пікірі және т.б.). Студенттің ғылыми қызығушылығы уақыт өте өзгеруі мүмкін, сондықтан үнемі бақылау және жаңарту жүргізу керек. Бағалау нәтижелері студенттің ғылыми ізденісін ынталандыруы тиіс. Бұл үшін марапаттау, гранттар, ғылыми тағылымдарды қолдаулар қарастыру. Бағалау үдерісі ашық әрі объективті болу, яғни нақты критерийлер мен өлшемдерге негізделуі тиіс.

Материалдар мен әдістер. Осы зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы бірқатар қосымша тәсілдерге негізделген, ғылыми-зерттеу іс-әрекетке қызығушылық танытқаны және білім беру ортасында танымал үдерістерді жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді [9]:

– Жүйелі тәсіл ғылымды кеңінен насихаттау үдерісін ғылыми, социологиялық, психологиялық және технологиялық призмамен толығымен қарастыруды қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл зерттелген құбылыстың идеясын кеңейтуге, оның ішкі құрылымын және қосылымын анықтауға мүмкіндік береді.

– Пәнаралық көзқарас, ғылым, әлеуметтану, психология және технологияны қоса алғанда, әртүрлі ғылыми салалар арасындағы қатынастарды және өзара әсер етуге бағытталған, бұл интегралдық құбылыс ретінде ғылыми іс-әрекетке деген қызығушылықтың табиғатын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

– Қоршаған орта ғылымға қызығушылықтың пайда болуына немесе төмендеуіне әсер ететін сыртқы білім беру ортасының факторларын анықтауға бағытталған, соның ішінде әртүрлі мақсатты аудиторияға тән ықтимал қауіптер мен кедергілер.

– Технологиялық тәсіл ғылымды танымал ету моделін әзірлеу және сынақтан өткізу, мәліметтерді талдауға, әдістердің корреляциясына, байланыс арналарына, мақсатты топтардың сипаттамаларына және пайдаланылатын мазмұнға негізделген.

Бұл зерттеу шешімдерін сипаттауда тәжірибені іске асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми-әдістемелік негізіне қызығушылықты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық тетіктерін ашатын тұжырымдамалар мен теориялар да кірді:

Олар:

– Х.Хекхаузеннің мақсатқа жету жолындағы әрекеттердің бағытын реттейтін, әртүрлі мүмкін болатын әрекеттердің арасынан таңдау үдерісі ретінде анықтайтын әрекет мотивациясының теориясы [10].

– К.Hidi и S.Renninger жеке тұлғаның дамуын қоршаған ортамен әрекеттесуінде пайда болатын сатылы үдеріс ретінде қарастыратын қызығушылық теориясы [11].

– E.Erikson жеке тұлғаның қалыптасуын дағдарыс пен міндеттеме позициясынан қарастыратын сәйкестілік теориясы [12].

– J.Marcia ғылыми тұлғаның қалыптасуын студенттердің жеке және кәсіби өзін-өзі айқындау үдерісімен байланыстырады. E.Fossard пен M.Addis ғылымды насихаттауда білім беру мен ойын-сауық элементтерін біріктіретін Edutainment технологиясының мүмкіндіктерін негіздейді. Ал В.А.Лушиков жастардың ғылымға қызығушылығын арттыруда интернет-медиа ресурстарының, соның ішінде видеоблогинг пен видеохостинг платформаларының тиімділігін көрсетеді [13-15].

У.Б.Жексенбаева мен Г.Б.Ниязова студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін білім беру үдерісінің маңызды бағыты ретінде қарастырып, оның теориялық негіздері мен құрылымдық-мазмұндық сипаттамаларын талдайды [16].

С.Д.Мұқанова мен Д.Н.Құлыбаева студенттердің арасында ғылымды насихаттаудың бір жолы ретінде ғылыми ізденістерге тарту арқылы олардың бойында зерттеушілік мінез-құлықты дамыту қажеттігін ашып көрсетеді.

ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеуге деген қызығушылығын бағалау үшін Х.Хекхаузеннің мотивация теориясына негізделген құрылымдық тәсілге негізделген өзіндік әдістеме әзірленді, онда мотивация мақсатқа жету үшін іс-әрекеттің таңдау және мақсаттылық үдерісі ретінде қарастырылады.

Әдістердің құрамдас компоненттері:

1. *I – Interest* (мотивациялық компонент) – студенттердің зейінімен, білуге құмарлығымен және зерттеу үдерісіне және оның нәтижелеріне эмоционалды түрде тартылуымен сипатталатын ішкі күй ретіндегі қызығушылық. Ол ғылыми тұлғаның қалыптасуының негізгі қозғаушы күші болып табылады және кәсіби жолды таңдауға әсер етеді.

2. *C – Content* (мазмұндық компонент) – студенттердің дүниетанымы мен әлеуметтік тәжірибесіне тікелей әсер ететін ғылыми білімнің, ғылыми зерттеудің мәні мен маңызын түсінудің қалыптасқан жүйесін қамтиды.

3. *T – Technology* (технологиялық компонент) – студенттердің ғылыми-зерттеу біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейін, жеке және кәсіби өзін-өзі анықтаудың ең маңызды шарты болып табылатын зерттеу әдістері мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдану қабілетін көрсетеді.

Осы компоненттер негізінде ғылыми-зерттеуге қызығушылықтың бес деңгейі анықталды, олардың әрқайсысының айқын сипаттамалары мен көріністері берілген:

– Негізгі деңгей (*Basic level*): Студент негізінен сыртқы факторлардың әсерінен кездейсоқ және үстірт қызығушылық танытады (көңілді лекциялар, көрнекі мысалдар). Ғылыми ұғымдарды меңгеру деңгейі төмен және шашыраңқы, ал зерттеу дағдылары жоқ немесе минималды.

– Орта деңгей (*Intermediate level*): Студент тұрақты танымдық қызығушылық танытады, ақпаратты өз бетімен іздей алады, оған сыни көзқараспен қарай бастайды, пікірталасқа қатысады, мұғалімдер мен топтастарына сұрақтар қояды.

– Ілгері деңгей (*Advanced level*): Студенттің ғылыми әдіс туралы негізгі түсінігі бар, болжамның құрастыра алады және шағын зерттеулер жүргізе алады және осы білімді оқу тапсырмалары, курстық және зертханалық жұмыстар шеңберінде практикада қолдана алады.

– Шығармашылық деңгей (*Creative level*): Студент өз бетінше зерттеу сұрақтарын құрастыра алады, болжамын құрастырады және зерттеу немесе эксперимент жүргізе алады. Презентациялар мен баяндамаларды өз бетінше дайындайды, ғылыми-зерттеуде шығармашылық бастама көрсетеді.

– Кәсіби деңгей (*Professional level*): Студент өзінің болашағын ғылыммен саналы түрде байланыстырады, өз бетінше ғылыми ойлар туғызады, басылымдар мен жоғары деңгейдегі ғылыми жобаларға қатысады, академиялық қоғамдастыққа белсенді түрде араласады.

Кесте 1 - ЖОО студенттерінің ғылыми қызығушылық деңгейлерінің сипаттамасы

Деңгейлері	Сипаттамасы	Көріністері
Негізгі деңгей (Basic level). Студент кейде оқу-тәрбие үдерісі аясында ғылымға қызығушылық танытады.	Ғылыми ұғымдарды толық меңгермеген, ғылымды теориялық пән ретінде қабылдайды, онда ешқандай практикалық қолдануды білмейді. Жеке ғылыми тақырыптарға қызығушылық таныта алады, бірақ тереңдетіп оқытпайды. Қызығушылық негізінен дәрістердегі жарқын мысалдар, әсерлі презентациялар, ғылыми-көпшілік жаңалықтар сияқты сыртқы факторлардың әсерінен өздігінен пайда болуы.	– Жеке фактілерге немесе ғылыми оқиғаларға анда-санда әуестену. – Ғылыми ұғымдарды терең түсінбеу. – Қосымша мотивацияның қажеттілігі
Орта деңгейі. (Intermediate level). Тұрақты танымдық	Ақпаратты өз бетінше тауып, талдай алады, дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалай алады, ғылыми талқылауларға қатыса алады.	– Өртүрлі дереккөздерден ғылыми ақпаратты өз бетінше іздеу және зерттеу. – Ғылыми тақырыптар бойынша мұғалім-

қызығушылық, білімді тереңдетуге ұмтылу.	Ғылыми зерттеудің маңыздылығын түсінеді және оқу бағдарламасынан тыс материалдарды зерттей бастайды. Бұл деңгейдегі студенттер ғылыми ақпаратқа тұрақты қызығушылық танытады.	дерге немесе ғылыми тақырыптар бойынша топтағы студенттерге жүйелі түрде сұрақтар қою. – Дәрістерге, семинарларға және пікірталастарға қатысу.
Ілгері деңгейі. (Advanced level). Өзіндік ғылыми-зерттеу жұмысының басталуы.	Бұл деңгейдегі студенттер негізгі зерттеу дағдыларын игере бастайды. Ғылыми әдіс туралы негізгі түсінігі бар, гипотеза құрастыра алады, шағын зерттеулер жүргізе алады, бастапқы дереккөздермен жұмыс істей алады. Курстық және зертханалық жұмыстарда ғылыми әдісті қолданады, ақпараттың сенімділігін бағалай алады.	– Ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдерін нақты түсіну (мәселені тұжырымдау, болжамды құрастыру, тәжірибе жасау). – Мұғалімнің жетекшілігімен оқу және студенттердің ғылыми жобаларына белсенді қатысу. – Ақпаратты жинау және өңдеу, қарапайым мәліметтерді талдау дағдыларын меңгеру.
Шығармашылық деңгейі (Creative level). Студент қабілеті ғылыми тапсырмалардағы мәселелерді өз бетінше шеше алады	Өз бетінше ғылыми іс-әрекетке саналы түрде ұмтылу және шығармашылық әлеуетті жүзеге асырумен сипатталады. Өзіндік ғылыми-зерттеу идеяларын қалыптастырады, күрделі ғылыми деректерді талдайды, пәнаралық тәсілді қолданады. Болжам мен зерттеу әдістемесін өз бетінше жасап, жеке ғылыми стилі қалыптаса бастайды.	– Зерттеу сұрақтарын өз бетінше құрастыру және болжамдарды қою. – Мұғалімнің ең аз көмегі арқылы зерттеу немесе эксперименттерді жоспарлау және жүргізу. – Өзіңіздің шағын жобаларыңызды жасау және көрсету немесе конференцияларға қатысу. – Алынған нәтижелерді талдау және интерпретациялау, кейіннен есептерді өз бетінше дайындау.
Кәсіби деңгей (Professional level). Өзін зерттеуші ретінде толық білу, ғылымда мансап құруға ұмтылу	Ғылымға нақты кәсіби қызығушылық танытқан студенттер саналы мамандық таңдау ретінде ғылыми қызметке ұмтылады. Ғылыми дербестікке қабілетті, терең аналитикалық дағдыларға ие, түпнұсқалық зерттеулерді дамытады, мақалалар жариялайды және гранттық жобаларға қатысады. Академиялық қоғамдастыққа араласады, ғылыми институттармен бірлесіп жұмыс істейді.	– Университеттегі, ұлттық және халықаралық деңгейдегі ғылыми жобаларға жүйелі түрде қатысу. – Жаңашыл ғылыми идеялар мен әдістерді өз бетінше әзірлеу және енгізу. – Зерттеу нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялау және конференцияларда баяндамалар жасау. – Ғылыми құралдар мен технологияларды меңгерудің жоғары деңгейі. – Болашақ кәсіби ғалым немесе зерттеуші ретінде өзін тұрақты қабылдау.


Тәжірибелік-эксперименттік база ретінде репрезентативті іріктеу қалыптастырылды, оның ішінде Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 1-4 курс студенттері қатысты. Жалпы іріктеу көлемі 379 студентті құрады, бұл университеттегі студенттердің жалпы санының 5%-ына тең. Зерттеу этикалық қағидаттарға сәйкес жүргізілді. Барлық қатысушылардан зерттеуге қатысуға ақпараттандырылған келісім алынып, олардың кез келген кезеңде қатысудан ерікті түрде бас тарту құқығы қамтамасыз етілді.

Деректерді өңдеу және талдау барысында сипаттамалық статистика, салыстырмалы талдау және визуализация әдістері қолданылды. Статистикалық өңдеу MS Excel, Power BI, Statistica және R бағдарламалық құралдарының көмегімен жүзеге асырылды. Сонымен қатар сауалнама нәтижелерін талдау кезінде респонденттердің жауаптарының мазмұны зерттеліп, көрсеткіштер жынысы, жас ерекшеліктері және білім деңгейі бойынша салыстырылды.

Нәтижелер және талқылау. Алынған нәтижелер студенттердің ғылыми-зерттеу қызығушылықтарын бағалауда мотивация теориясына негізделген құрылымдық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді.

1-суретке сүйене отырып, студенттердің көпшілігі ғылыми-зерттеу іс-әрекетке қызығушылықтың орта (48,5%) және жоғары (39,6%) деңгейін көрсететінін көруге болады. Бұл тұрақты

танымдық қызығушылық пен негізгі зерттеу дағдыларының болуын көрсетеді. Небәрі 8,4 пайызы ғана негізгі деңгейде, үстірт қызығушылық танытады. Шығармашылық (3,2%) және кәсіби (0,3%) деңгейлердің төмен үлесі студенттердің ғылыми мансапқа бағдарлануының жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл жағдай жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыруға бағытталған жүйелі қолдау шараларын күшейту қажеттігін айқындайды және студенттердің зерттеушілік әлеуетін одан әрі дамыту мүмкіндіктерінің бар екендігін көрсетеді.




Сурет 1 - Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетке қызығушылықтарының жалпы деңгейінің көрсеткіші


Жынысы бойынша салыстырмалы талдаудың нәтижелері ерлер мен қыздар арасындағы ғылыми қызығушылық деңгейлерінің бөлінуінде белгілі бір айырмашылықтарды көрсетті (2-сурет).

Орташа деңгейде (Intermediate) қыз студенттер басым 51,2%, – ер студенттердің 39,3%-ына қарсы бұл қыздардың жоғары танымдық қатысуы мен ғылыми ақпаратқа ашықтығын көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, ілгері деңгейді ер студенттер (46,4%), ал қыздар 37,6%-ға қарағанда жиі көрсетті, бұл ерлердің зерттеу дағдыларын іс жүзінде жүзеге асыруға бейімділігін көрсетеді.

Кәсіби деңгей ерлердің 1,2%-ында ғана байқалды, ал қыздар арасында бұл мүлдем тіркелмеген (0%), бұл гендерлік кедергілер мен қыздарды ғылыми мансапта қолдау мәселесінің өзектілігін көрсетеді.




Сурет 2 - Ерлер мен қыздар арасындағы студенттердің ғылыми қызығушылық деңгейлерінің көрсеткіші




Сурет 3 - Үш компонент бойынша студенттердің ғылыми іс-әрекетке деген қызығушылық деңгейі

Студенттердің көпшілігі (47,8%) ғылыми-зерттеуіс-әрекетке ішкі мотивация ретінде қызығушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді, бұл эмоционалдық қатысудың және танымдық фокустың жоғары деңгейін көрсетеді. Тағы 33,5% - орташа деңгейде, тұрақты қызығушылық пен қызығушылық танытады. Алайда, тек 10,6% шығармашылық деңгейге жетті, ал кәсіби қызығушылық студенттердің 1%-дан азында (0,8%) байқалады, бұл болашақ мамандық ретінде ғылымға бағытталған студенттердің шектеулі санын көрсетеді (4-сурет).



Сурет 4 - I – Interest (мотивациялық компонент) көрсеткіші


Студенттердің 43,3%-ы ғылыми қызмет туралы жоғары білім деңгейі, тағы 40,6% орташа, бұл жақсы теориялық негіз бен ғылымның маңыздылығын түсінуді көрсетеді. Алайда, тек 5% шығармашылық деңгейге, ал 1% -дан азы кәсіби деңгейге, бұл ғылыми-зерттеу тәжірибесін терең түсінудің және нақты ғылыми жобаларға қатысудың жоқтығын көрсетеді.



Сурет 5 - C – Content (мазмұндық компонент) көрсеткіші

Студенттердің ең көп саны – 50,9% – орта деңгейде, бұл олардың зерттеу әдістері бойынша негізгі білімі бар екенін білдіреді. Алайда, жоғары деңгейде – небәрі 21,9%, ал шығармашылық

және кәсіби деңгейлер сәйкесінше 4,5% және 0,5% ғана жеткен. Бұл тәжірибелік зерттеу біліктілігін қалыптастыру -қызығушылық құрылымындағы ең әлсіз буын екенін көрсетеді.



Сурет 6 - T – Technology (технологиялық компонент) көрсеткіші

Жалпы тұжырым. Үш компонентті ICT (Interest – Content – Technology) моделін пайдалана отырып, университет студенттерінің ғылыми қызығушылығын бағалау әдістемесін сынау нәтижелері қызығушылықтың орташа басымдылығын ашып берді (48,5%) және ілгері (39,6%) деңгейлерінің басымдылығы анықталды. Бұл студенттердің күшті мотивациясы мен негізгі зерттеу дағдыларына ие екенін көрсетеді, бірақ шығармашылық (3,2%) және кәсіби (0,3%) қызығушылық танытатын студенттердің үлес салмағы төмен. Гендерлік талдау көрсеткендей, қыз студенттер тұрақта танымдыққызығушылықты (intermediate level), жиі көрсетеді, ал ер студенттер ілгері және кәсіби деңгейге жиі жетеді.

Құрамдас бөліктер бойынша егжей-тегжейлі талдау мотивациялық компоненттің (Interest) неғұрлым айқын екенін көрсетті: студенттердің 81,3% орта және ілгері деңгейде. Мазмұн компоненті (Content), ғылыми іс-әрекеттің теориялық хабардарлықпен (санасымен) байланысты, сонымен қатар жоғары даму деңгейін көрсетті. Ең әлсіз көрсетілген технологиялық компонент (Technology), тәжірибелік зерттеу дағдыларының деңгейін көрсетеді: студенттердің тек 21,9%-ы ғана ілгері деңгейге, ал тек 0,5%-ы кәсіби деңгейге жетті. Бұл студенттердің нақты ғылыми жобаларға қатысуының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Қорытынды. Әдістемені тестілеуде студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетке деген қызығушылығын диагностикалау және аналитикалық бағалау құралы ретінде оның тиімділігін көрсетті. Анықталған деңгейлер мен компоненттер студенттік аудиторияның зерттеу әлеуетінің көрінісін егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер мыналарға бағытталған мақсатты бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігін көрсетеді:

- ғылыми дайындықтың тәжірибеге бағытталған құрамдас бөлігін күшейту;
- жеке және топтық деңгейде ғылыми-зерттеу бастамаларын қолдау;
- ғылыми мансаптың оң имиджін қалыптастыру, әсіресе студент қыздар арасында;
- оқытудың бастапқы кезеңдерінде студенттерді нақты академиялық және жобалық ортаға біріктіру.

Осылайша, ICT моделін қолдану ғылыми-зерттеу қызығушылықтың қазіргі деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар жастарды ғылыми қызметке тарту және зерттеушілердің жаңа буынын қалыптастыру стратегияларын жоспарлауға арналған нұсқаулық болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат: Бұл мақала «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ қаржыландыратын «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ студенттері арасында IGPA тиімділік деңгейін бағалау» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Abramova N. Formirovanie motivacii k nauchno-issledovatel'skoj dejatel'nosti u bakalavrov defektologicheskogo profilja v vuze. *Mir nauki, kul'tury, obrazovanija*, 6, -2018. -С.29-32
2. Sorihina V. Motivacija studentov k zanjatijam nauchno-issledovatel'skoj dejatel'nost'ju v vuze. *Uchenye zapiski Rossijskogo gosudarstvennogo social'nogo universiteta*, 16(2), - 2017. - С.160-167
3. Semchenko V., Gurtovenko O., & Levkin G. Analiz motivov studentov k nauchno-issledovatel'skoj rabote. *Innovacionnaja jekonomika iobshhestvo*, 3, -2017. -С. 79-84
4. Efimova D., Halitova D., & Muhametshaeva K. (2015). Issledovanie zainteresovannosti i motivacii studentov FGOU VO «RJeU im. G.V. Plehanova» k nauchnoj dejatel'nosti. *Marketing MBA. Marketingovoe upravlenie predprijatijem*, 6(3), -2015. -С.176-193
5. Баширова Ж.Р. Жоғары оқу орындарында жоғары мектеп оқытушысын даярлау мәселесі. – Алматы, - 2010. - С. 113
6. Аяпбергенова Г.С. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, -2021. -С.123
7. Бектұрғанов Қ.Б., Бектұрғанова А.Қ. Ғылыми жұмыс түрлері және олардың ерекшеліктері: Оқу құралы - Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, -2024. -С. 64
8. Аманбаева М.Б. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс- әрекетін қалыптастыру әдістемесі: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, -2016. -С. 131
9. Сабитова Д.С. Оценка имиджа ученого в казахстане: результаты пилотного этапа исследования/ Ракишева Г.М., Жантемирова М.Б., Исмагулова А.Е. // Журнал «Известия КазУМОиМЯ им.Абылай хана». Серия «Педагогические науки». - 2024. - № 4 <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1624/607>.
10. Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. - М., - 1989.
11. Hidi S., & Renninger K.A. The Four-Phase Model of Interest Development. *Educational Psychologist*, 41(2), -2006. - С.111–127. https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1207/s15326985ep4102_4
12. Erikson E. *Identity and the Life Cycle*. New York, NY: W.W. Norton & Co. -1980. ISBN 978-5-4461-2364-3.
13. Marcia J.E. The identity statuses: Origins, meanings, and interpretations. In S. J. Schwartz, K. Luyckx, & V. L. Vignoles (Eds.), *Handbook of identity theory and research* (pp. 31-53). Springer Science + Business Media. – 2011. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-1-4419-7988-9_2.
14. Самосенкова Т.В., Савочкина И.В. Технология «Эдьютейнмент»: К Истории Вопросы// *Вопросы журналистики, педагогики, языкознания*. - 2020. <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiya-eduyuteynment-k-istorii-voprosa>.
15. Луциков В.А. Видеоблогинг как инструмент социальной коммуникации//В.А.Луциков, М.В.Терских//Журнал Вестник Тамбовского университета. Серия: Общественные науки - 2018 г. - 10с.

References:

1. Abramova N. Formirovanie motivacii k nauchno-issledovatel'skoj dejatel'nosti u bakalavrov defektologicheskogo profilja v vuze. *Mir nauki, kul'tury, obrazovanija*, 6, -2018. -С.29-32
2. Sorihina V. Motivacija studentov k zanjatijam nauchno-issledovatel'skoj dejatel'nost'ju v vuze. *Uchenye zapiski Rossijskogo gosudarstvennogo social'nogo universiteta*, 16(2), - 2017. -С.160-167
3. Semchenko V., Gurtovenko O., & Levkin G. Analiz motivov studentov k nauchno-issledovatel'skoj rabote. *Innovacionnaja jekonomika iobshhestvo*, 3, - 2017. -С.79-84
4. Efimova D., Halitova D., & Muhametshaeva K. Issledovanie zainteresovannosti i motivacii studentov FGOU VO «RJeU im. G.V. Plehanova» k nauchnoj dejatel'nosti. *Marketing MBA. Marketingovoe upravlenie predprijatijem*, 6(3), - 2015. -С.176-193
5. Bashirova Zh.R. The problem of training high school teachers in higher educational institutions. – Almaty, - 2010. - С.113
6. Ayapbergenova G.S. Formation of special competence of future primary school teachers based on project method: philosophy. doc. (PhD) ... dis. – Almaty, 2021. -С. 123
7. Bekturganov K.B., Bekturganova A.K. Types of scientific work and their features: Textbook - Kostanay: Kostanay Regional University named after Ahmet Baitursynuly, -2024. -С. 64
8. Amanbayeva M.B. Methodology of formation of research activity of future biologist teachers: philos. doc. (PhD) ... dis. - Almaty, -2016. -С. 131
9. Sabitova D.S. Evaluation of the image of a student in Kazakhstan: the results of a pilot stage of research / Rakisheva G.M., Zhantemirova M.B., Ismagulova A.E. // Magazine "Izvestia KazUMOiMYA named after Abylai Khan". The series "Pedagogical sciences". - 2024. - №4. <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1624/607>.
10. Heckhausen X. Motivation and action. - М., - 1989
11. Hidi S., & Renninger K.A. The Four-Phase Model of Interest Development. *Educational Psychologist*, 41(2), - 2006. - С.111–127 https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1207/s15326985ep4102_4
12. Erikson E. *Identity and the Life Cycle*. New York, NY: W.W. Norton & Co. -1980. ISBN 978-5-4461-2364-3.

13. Marcia J. E. *The identity statuses: Origins, meanings, and interpretations*. In S. J. Schwartz, K. Luyckx, & V. L. Vignoles (Eds.), *Handbook of identity theory and research* – 2011. -S. 31-53 Springer Science + Business Media. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-1-4419-7988-9_2.

14. Samosenkova T.V., Savochkina I.V. *Technology "Edutainment": To the History of the Issue/Issues of Journalism, Pedagogy, Linguistics* -2020. <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiya-edutainment-k-istorii-voprosa>

15. Luschikov V.A. *Video blogging as a tool of social communication* / V.A.Luschikov, M.V.Terskih // *Journal of the Bulletin of Tambov University. Series: Social Sciences* - 2018. -S.10.

IRSTI 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.011>

Rakish K.,^{1*}  Shayakhmetova D.¹ 



¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPING STUDENTS' WRITTEN DISCOURSE COMPETENCE THROUGH SCAFFOLDING: A LITERATURE REVIEW

Abstract

Developing written discourse competence remains a critical challenge for undergraduate law students who must master both disciplinary knowledge and specialized forms of legal writing. This literature review explores the role of scaffolding as an instructional strategy to enhance students' ability to produce coherent, structured, and context-appropriate written texts in higher education. Drawing on L.S.Vygotsky's concept of the Zone of Proximal Development and subsequent pedagogical models, the review synthesizes findings from studies on teacher-led scaffolding, peer feedback, genre-based instruction, technology-enabled supports, and iterative feedback cycles. Evidence from legal education and related disciplines demonstrates that scaffolding improves writing quality, accelerates skill acquisition, fosters self-regulation, and provides disproportionate benefits for underprepared or linguistically diverse students. Particular emphasis is placed on how scaffolded tasks, explicit modeling, and sequenced assignments can facilitate law students' transition from general academic writing to the conventions of legal discourse. While scaffolding is shown to be a powerful tool for equity and inclusion, the review also highlights the need for gradual removal of supports to ensure independent competence. The discussion identifies gaps in current research, including the limited study of scaffolding specific to legal genres, the durability of scaffolded learning over time, and the integration of emerging AI-driven writing tools. Implications for legal educators suggest that deliberate, multi-tiered scaffolding strategies can both improve outcomes and democratize success in writing-intensive law programs.

Keywords: scaffolding, written discourse competence, legal writing, undergraduate law students, higher education.

К.Ракиш,^{1*}  Д.Б.Шаяхметова¹ 

¹*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет
Алматы қ., Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАЗБАША ДИСКУРСТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН SCAFFOLDING ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ДАМУ: ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Аңдатпа

Жазбаша дискурстық құзыреттілікті дамыту бакалавриат деңгейіндегі заң мамандығы студенттері үшін ең күрделі міндеттердің бірі болып табылады, себебі олар кәсіби біліммен қатар заң мәтіндерінің арнайы жазу үлгілерін де меңгеруі тиіс. Бұл әдебиеттерге шолу scaffolding (педагогикалық «қолдау» немесе «сатыланып оқыту») тәсілін жоғары білім беру жүйесінде студенттердің мазмұнды, құрылымдалған және контекстке сай жазбаша мәтіндер құрастыру қабілетін жетілдіру стратегиясы ретінде талдауға бағытталған. Л.С.Выготскийдің «жақын даму аймағы» тұжырымдамасына және кейінгі педагогикалық модельдерге сүйене отырып, зерттеу мұғалімнің жетекшілігімен ұйымдастырылатын scaffolding, өзара кері байланыс, жанрға негізделген оқыту, цифрлық құралдарды пайдалану және итеративті редакциялау циклі туралы зерттеулердің нәтижелерін біріктіреді. Заң білім беруі мен оған жақын салалардағы эмпирикалық деректер scaffolding тәсілін қолдану жазбаша жұмыстардың сапасын арттыратынын, дағдыларды меңгеру жылдамдығын күшейтетінін, өзін-өзі реттеу қабілетін дамытатынын және жеткілікті дайындықсыз немесе көптілді тәжірибесі бар студенттер үшін аса тиімді екенін көрсетеді. Зерттеуде құрылымдалған тапсырмалардың, үлгілік жазу мен біртіндеп күрделенетін оқыту қадамдарының студенттердің жалпы академиялық